

# Сәлеметсіздерме?!

Сыныбы: 9 «Б»

Сынып жетекшісі: Севепова

Молдир

Күні: 19.01.2016



*Ақын Жамбыл Жаббаевтың  
туылғанына  
170 жыл*



# Мақсаты:

*Жамбыл өлеңдерін шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйу, оны бағалай білуге баулу; оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру; ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, адамгершілікке, елінің өнерін сүйуге тәрбиелеу.*



# *Шын жүректен шыққан сөз*

*Жамбыл – ақыл ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны.*

Мұхтар Әуезов



*Жамбыл жырлары теңіз түбінде  
шашылып жатқан маржан  
сықылды. Оны жинап алып  
халқының қолына беру - біздің  
әрқайсысымыздың азаматтық  
борышымыз.*

*Сәкен Сейфуллин*



*Жамбыл жырлары Бұғымүйіз,  
Бесмойнақ жайлауларының гүліндей  
алуан түрлі. Хош иісі күншілік жерден  
аңқып тұрады. Ақын жырын тыңдаған  
сайын көк жайлауға  
әсер аласың.*

**Ілияс  
Жансүгіров**



*Жамбыл – жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі.*

*Сәбит Мұқанов*





*Жамбыл әлеміне  
саяхат*





*Бұл ақынның өмірінің соңғы жылдарында тұрған үйі (1938-1945). Қазір мұнда Жамбылдың әдеби-мемориалдық мұражайы орналасқан. Бұл үйді Жамбылға 1938 жылы 92 жасында ақындық өмірінің 75 жылдығы тойланған уақытында Қазақстан өкіметі салып берілген екен. 12 бөлмеден тұратын Жамбыл атаның үйі көзі тірісіне қандай болса, қазіргі уақытта да дәл сол қалыпында сақтаулы тұр.*

***Жамбыл ата шифонерінің ішінде оның киген киімдері әлі күнге дейін сақталып тұр (түлкі ішігі, пальтосы, шекпендері, шапаны)***



***Жамбыл атаның бөркі.  
Көптеген суреттерде, портреттерде дал осы бөрікімен  
бейнеленген.***

*Суретте атаның 1936 жылғы домбырасы.  
Жамбыл Жабаевтың 3 домбырасы сақталған.  
2 домбырасы осы мұражайда, ал бір домбырасы Алматыдағы  
Республикалық музыка аспаптар мұражайында сақтаулы.*



*Бұл Жамбыл атаның  
дүниеден озған  
уақытында тоқтап қалған  
сағаты.*



*Қайтар-қайтқанынша бес  
уақыт намазын қалт  
жібермеген ақынның құмғаны,  
легені.*

*Жамбыл ата хат танымағандықтан оның әдеби хатшылары болған. Әбділда Тәжібаев, Қаран Сатыбалдин, Қалмұқан Әбдіқадіров, Ғали Орманов, Тайыр Жароқов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар кезекпен келіп, осы кабинетте жұмыс істеген.*




*Жамбыл атаның кішігірім кітапханасы сақталған.  
Ол өзі оқи алмаған, алайда, хатшылары оған түрлі  
кітаптарды кезекпен оқып беріп отырған.*



*Жамбыл атаның есте сақтау қабілеті өте тамаша болған.  
92 жасына дейін оның бірде-бір өлеңдері қағаз бетінде  
сақталмаған екен. Тек 92 жасында ғана оған хатшылар  
тағайындалып, қазіргі уақытта 3000-ға жуық өлеңдері қағаз  
бетіне түскен.*

*Бұл 1943 жылы орнатылған  
Жамбыл атаның қолданған телефоны.*



*Жамбыл ата бұл үйде кіші баласы Тезекбай атаның отбасымен бірге тұрған.  
Суретте үйдегі кішігірім асхана. Мұнда келін, немерелерімен бірге қымыз, шай  
ішкен.*



*Бұл 1938 жылы 17 жасар өзбек қызы Исмаилованың  
кестелеп тігіп, атаға көзі тірісінде сыйлаған  
туындысы*





*Қонақ бөлме. Көптеген сыйлы қонақтарды осы бөлмеде күтетін болған. Үстелдің үстіндегі кеседен басқа ыдыстардың барлығын ата көзі тірісінде өзі қолданған. Үйдегі дүние-жиһаз, кресло, дивандардың барлығы 1938 жылы өкімет тарапынан сыйланған. Бүгінгі күні үйде перделер ауыстырылған және кілемдері 5 жылда бір жаңарып отырады.*

# *Жамбыл атаның алған сыйлықтары*





# Жамбыл Жабаеттың жеті атасы.




*Жамбыл ата үш рет кезекпен үйленген. Бірінші бәйбішесі Момын апа қайтыс болғаннан кейін, Талқайрат апаға үйленіп, ол дүниеден озғаннан соң Қанымжан апаны алған.*

*Осы үш ападан 10 баласы болған. 2 қыз, 8 ұл. 2 ұлы майданда қаза болған. Қазіргі таңда осы балаларынан 100-ден астам ұрпақтары бар.*



# Мұражайда 1938-1945 жылдар аралығында түсірілген фотосуреттердің барлығы үлкейтіліп қойылған.





*Көзінің тірісінде алған орден, медальдары.  
Ақын екінші дәрежелі Сталиндік премиямен наградталған және  
Ленин орденімен, Құрмет белгісі,  
Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.  
Сонымен қатар депутат та болып сайланған.*



*Қазақ халқының бұлбұлы  
Күләш Байсейітова Жамбыл  
ақынға жиі келіп тұрған.  
Оны қызындай көріп,  
қызғалдағым  
деген ақын:  
«Қызым келді жанымға  
қызғалдақтай,  
Жүрер ме екен кәрінің  
сөзі жақпай.  
Сені тапқан анаңнан  
айналайын,  
Бір міні жоқ мүсінінде  
арғымақтай, — деп оған  
өлең жолдарын да арнаған.*

Күләш Байсейітова  
4000 рубль.


Жамбыл ақын  
5000 рубль.



*1996 жылы аталынып  
өткен 150 жылдық  
мерейтойына шыққан  
афиша*



*Жамбыл Жабаевтың 100  
жылдық  
мерейтойына шыққан афиша*





**ЖАМБЫЛ  
ЖАБАЕВҚА  
ОРНАТЫЛҒАН  
МҮСІНДЕР**




*Жамбыл ата 1945 жылы  
22 маусымда сағат  
7:55-те қайтыс болған екен.  
Өзінің өтініші бойынша үйінің  
тындағы алма бағында жерленген.*



1. Жамбылдың әкесінің есімі.
2. Дүниеге келген айы.
3. 1881 жылы Жетісуде қай айтыскер ақынды жеңіп алды?
4. Жамбылдың ұстазы кім?
5. Жамбыл жас ұрпақты неге шақырады.
6. Жамбыл 1938 жылы қандай орденмен марапатталды?
7. Жамбыл қанша жасаған?
8. Жамбылдың ұлының аты кім?
9. Біреу сапар шегер алдында, үлкен іс бастарда оң тілек айту не деп аталады?
10. Екі ақынның бір-бірімен жарысар өлеңі.
11. Жамбылдың шәкірті кім?
12. Алматы қаласының патшалық кезіндегі аты.







*НАЗАР ҚОЙЫШ  
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!*